

**Кентау құрылыс және сәулет бөліміне атқарған жұмыстары мен 2019 бұйрықтарды қабылдау барысында заңдылықтың сақталу барысына жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау туралы АНЫҚТАМА**

Кентау қаласы

«28» 02 2020 жыл

«Кентау қалалық құрылыс және сәулет бөлімі» ММ-нің Ережесіне сәйкес, бөлім басшысы бұйрық түрінде құқықтық актілерді қабылдайды. Бөлім басшысының бұйрықтарын тіркеу журналдары (*Негізгі қызмет бойынша бұйрықтарын тіркеу журналы, жеке құрам бұйрықтарын тіркеу журналы және әкімшілік-шаруашылық мәселелері бойынша бұйрықтарды тіркеу журналы т.б.*) тігіліп, мөрмен бекітілген. 2019 жылы негізгі қызмет бойынша 19 бұйрық, жеке құрам бойынша 14 бұйрық, әкімшілік-шаруашылық мәселелері бойынша 28 бұйрық қабылданған.

**1. Қабылданған бұйрықтарға құқықтық сараптама жүргізу барысында төмендегі кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда:**

- «Кентау қалалық құрылыс және сәулет бөлімінің 2019 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекіту туралы» 27.09.2019 жылғы №2 бұйрығында ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабы 4-тармағына сілете жасалған. Алайда жылдық жоспарды бекіту аталған баптың 2-тармағында белгіленген.

- «Сәулет және қала құрылысы» ЖШС-нің 2017-2021 жылдарға арналған №14-080940008834 Даму жоспарын бекіту туралы» 20.12.2019 жылғы №14 бұйрығында, басшылыққа ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.02.2019 жылғы №14 бұйрығының атауы жазылмаған. Бұйрықтың атауы «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы».

- 2019 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер енгізу 06.11.2019 жылғы №10, 22.11.2019 жылғы №11, 06.12.2019 жылғы №12 бұйрықтарында бөлімнің алғашқы жылдық жоспары бекітілген 27.09.2019 жылғы №2 бұйрығы көрсетілмей, өзгерістер енгізілген бұйрықтар көрсетілген.

- «Ф.Қаунбаев туралы» №1, «О.Дәулетшеев туралы» №2, «Г.Камалова туралы» №3, «Е.Ерманов туралы» 29.08.2019 жылғы бұйрықтарында «ҚЗ Президентінің 29.12.2015 жылғы №150 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы Ережесіне... сәйкес» деп көрсетілген. Алайда аталған Жарлықтың атауы «Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» және бұл бұйрықпен мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімі бекітілген.

**2. Көрілген тәртіптік жауапкершіліктер бойынша:**

- Бөлім басшысының 14.11.2019 жылғы №15 «Тәртіптік жаза қолдану туралы» бұйрығымен бөлімнің бас маманы Е.Ермановқа жүргізілген ішкі

аудмит нәтижесі бойынша кемшіліктерге жол бергені үшін, «ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

- «Тәртіптік жаза қолдану туралы» бөлім басшысының 25.11.2019 жылғы №18 бұйрығымен бөлімнің статистигі Р.Балгабаеваға бюджеттің шығыс бөлігі қаржыландыру жоспарындағы қаржының уақытылы игермегені үшін «ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

- «Тәртіптік жаза қолдану туралы» бөлім басшысының 04.12.2019 жылғы №21 бұйрығымен бөлімнің сектор меңгерушісі Ф.Қаунбаевқа бюджет есебінен бөлінген қаражаттың пайдалануына жүргізілген аудиторлық іс шаралар қорытындысы негізінде анықталған кемшіліктерге жол бергені үшін «ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

### **3. 2019 жылы бөлім жауапкер ретінде азаматтық іске және 3-ші тарап ретінде 6 азаматтық істерге қатысқан.**

- Талап қоюшы А.Тлеуованың «Құрылыс нысандарын бұзу және ҚНЖЕ сәйкес 50 метрге жылжыту туралы» талап арызы, негізгі жауапкер Р.Алиева бөлім 3-ші тарап ретінде қатысқан талап арыз қараусыз қалдырылды.

- талап қоюшы У.Сердалиевтің «Құрылыс нысанын бұзу туралы» талап арызы негізгі жауапкер С.Султанбаева бейбіт келісіммен шешілді.

- талап қоюшы Б.Калымбетов «қаулыны жарамсыз деп тану және жер телімін босату туралы» талап арызы, негізгі жауапкер А.Медеуова, қала әкімдігі және бөлім Кентау қалалық сотының 02 қазан 2019 жылғы шешімімен қанағаттандырусыз қалдырылды.

- талап қоюшы С.Хакимовтың «өз бетімен салынған үйге меншік құқығын тану туралы» талап арызы, жауапкер Шаға ауылдық округ әкімі, бөлім 3-ші тарап ретінде қатысқан. Соттың 29.10.2019 жылғы шешімімен талап арыз қанағаттандырылды.

- талап қоюшы П.Туралыұлының «Құрылыс жұмыстарын тоқтату туралы» талап арызы жауапкер А.Мусаева талап арыз бейбіт келісіммен шешілді.

- талап қоюшы Р.Пайзова «өз бетімен салынған үйге меншік құқығын тану туралы» талап арызы жауапкер Шаға ауылдық округ әкімі, бөлім 3-ші тарап ретінде қатысқан. Соттың 08.10.2019 жылғы шешімімен талап арыз қанағаттандырылды.

### **4. Орын алған заң бұзушылықтар бойынша прокуратура, басқа да құзырлы органдар тарапынан ұсыныстар мен наразылықтар т.б. қадағалау актілері бойынша:**

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментімен жоспардан тыс тексеру жүргізілген. Тексеру жүргізу кезеңі 14.10.2019-18.11.2019 ж.ж. аралығын қамтыған. Тексеру нәтижесі бойынша 05.12.2019 жылғы актіге сәйкес, қызмет алушы С.Джангузиев «Е-лицензия» порталы арқылы Бөлімге 14.10.2019 жылы бастапқы материалдарды ұсыну үшін өтініш жолдаған.

ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 27.03.2015 жылғы №257 бұйрығымен бекітілген «Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 4-тармағына сай, техникалық

және технологиялық жағынан күрделі емес объектілерді жобалауға арналған өтінішті қарау мерзімі 6 жұмыс күн деп белгіленген. Алайда, бөлім тарапынан қызмет алушы С.Джангузиевтің 14.10.2019 жылғы өтініші жобалауға арналған сәулет-жоспарлау тапсырамасын 22.10.2019 жылы ұсына отырып, стандартта белгіленген мерзімінен 1 жұмыс күніне кешіктіргені анықталған.

**5. Жеке және заңды тұлғалардан түскен арыз өтініштерді қарау бойынша:**

ҚР Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Түркістан облысы бойынша басқармасымен Кентау қаласы бойынша 2019 жылдың қорытындысымен ҚР «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының талаптарының сақталуына мониторинг жүргізілген. Мониторинг жүргізу барысында жеке және заңды тұлғалардан түскен шағымдарға «заңға түсіндірме берілді» деп негізсіз көрсеткені анықталып, бөлім басшысының 03.02.2020 жылғы №3 бұйрығымен бөлімнің бас маманы Г.Камаловаға «ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылған.

Алдағы уақытта орын алған кемшіліктерді бөлгізбау және алдын алу шараларын жүргізу қажеттігі туралы жауапты қызметкерлерге тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**6.** Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары жалпы бөліммен атқарылғанымен, бірқатар іс-шаралардың орындалуы төмен деңгейде.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 10-бабының талабына сәйкес, бөліммен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт бекітілмеген. Қала әкімі аппараты тарапынан 28.12.2018 жылғы №1-01-21/10580 хатпен бекітілген қала әкімі аппаратының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын үлгі ретінде барлық ауыл әкімдері мен бөлім басшыларына жолданып, әрбір мемлекеттік мекеме стандартын бекіту қажеттігі ескертілген.

Талдау барысында аталған кемшіліктерді орындауға шұғыл шараларды қабылдауды бөлім басшысы мен жауапты маманға тапсырылып түсіндірілді.

Жоғарылардың негізінде талдау жүргізу барысында сыбалас жемқорлық тәуекелдеріне жағдай туғызатын мән-жайлар анықталмады.

**ҰСЫНЫМ:**

1. Алдағы уақытта заң бұзушылыққа жол бермеу, алдын алу шаралары профилактикасын үздіксіз ай сайын жүргізіп, құқықтық семинар кеңестерді өткізу;

2. Құқықтық актілерді (бұйрық) дайындау барысында заңнамалық актілердегі баптарға жасалған сілтеме сәйкестігіне зерделеу жүргізу;

3. Бөлімнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту;

4. Бөлім мамандарының орындаушылық тәртібін көтеру;


5. Бөлімнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту;

6. Кентау қаласы әкімдігінің 04.09.2018 жылғы №304 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас

жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі Кентау қаласы бойынша 2018–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарындағы іс-шаралардың сапалы орындалуын және атқарылған жұмыстар туралы сапалы мәліметті белгіленген мерзімде жолдануын қамтамасыз ету.

7. Ішкі талдау нәтижесімен анықталған кемшіліктерге жол берген бөлімнің жауапты қызметкерінің тәртіптік жауапкершілігін қарау.

Таныстым:



Кентау қалалық құрылыс және сәулет  
бөлімінің басшысы Е.Алдыбаев  
«28» 02 2020 жыл

Қала әкімі аппаратының басшысы,  
жұмысшы топ төрағасы



Ғ.Көшікбаев

Жұмысшы топ хатшысы,  
қала әкімі аппаратының заң және  
құқық қорғау органдарымен жұмыс  
жүргізу бөлімінің бас инспекторы



С.Ажығабылов